

**2014-2015 оқу жылының қорытындылары бойынша
Павлодар облысының білім беру жүйесі бойынша
ақпарат**

Мектепке дейінгі білім беру

Үш жастан мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамту 100% құрайды – бұл республикадағы жалғыз көрсеткіш.

«Балапан» бағдарламасы шеңберінде мерзімінен бұрын 2013 жылы орындалған шамамен 14,0 орын құрылды. 38 мыңнан аса бала контингентімен 430 мектепке дейінгі ұйым бар (162 балабақша, 268 шағын орталық)

Ағымдағы жылы Ұлттық қор қаражаты есебінен «Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде Ақсу қаласында 280 орындық балабақша құрылысы басталды.

Мектепалды даярлықпен қамту 100% құрайды.

Орта білім беру

Облыста күндізгі жалпы білім беретін мектептер саны – 406, оның ішінде, 1 – мемлекеттік емес. Жаңа оқу жылының басына оқушылар контингенті – 92 мыңнан аса. Облыста 273 шағын жинақталған мектеп бар (67,4%), олардың ішінде ауылдық жерлерде – 267 (97,8%).

2014-2015 оқу жылының қорытындылары бойынша облыс оқушылары 267 медаль жеңіп алды, оның ішінде 136 халықаралық және 131 республикалық деңгейде. **Облыстың құрама командасы жыл сайын оқушылардың республикалық олимпиадаларының нәтижелері бойынша үздік олимпиадалық команда болып табылады.**

Облыстық бастамашыл жобалар жас математиктердің аймақтық турнирі, 5-6 сынып оқушылары үшін кешенді олимпиада, мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған «Жауқазын» олимпиадасы, Қ.И. Сәтбаев атындағы халықаралық олимпиада, жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша юниор олимпиадасы болып табылады.

2015 жылғы наурыз айында Қазақстанда өнеркәсіп химиясының негізін қалаушы Ә. Бектұров атындағы I химия олимпиадасы алғаш рет өткізілді. Олимпиада жобасын ҚР Білім және ғылым министрлігінің республикалық «Дарын» ғылыми-тәжірибелік орталығы мақұлдады.

2013 жылмен салыстырғанда қазақ тілінде оқитын оқушылар саны 4%-ға артты (70-тен 74,1%-ға дейін).

Аз қамтылған отбасы балалары тегін ыстық тамақпен 100% қамтылған. **Жаппай оқыту қоры шеңберінде бөлінген қаражат көлемі 3% аса құрайды.**

3813 оқушыға тасымалдау ұйымдастыру үшін 112 бірлік автокөлік пайдаланылады.

Оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдармен жарақтандыру көрсеткіші 100% құрайды.

Облыста оқу-тәрбие үдерісін 19,2 мың педагог қызметкер жүзеге асырады, оның ішінде мектептерде – 11 мыңнан аса. Облыс мектептеріне 589 жас маман жұмыс істеуге жіберілді. **Педагог кадрлармен қамтамасыз ету 100% құрайды.**

Облыста апатты және үш ауысымда оқитын мектептер жоқ.

Оқу жылының басына 1000 орындық 3 мектеп пайдалануға берілді, жыл аяғына дейін – Павлодар қаласында 1200 орындық мектеп, Екібастұз қаласында 1200 орындық мектеп құрылысы жалғасуда.

Жаңа үлгідегі кабинеттермен қамтамасыз етудің облыстық көрсеткіші 58,7% құрайды. 2005 жылдан сомасы 2837,6 млн.теңгеге жаңа үлгідегі 896 кабинет сатып алынды.

2015 жылы 3768 түлек мектеп бітірді, оның ішінде ҰБТ-ға қатысқандар - 2608 немесе 69,2%, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін қоса есептегенде – 71,8%. ҰБТ орташа балл - 80,2 балл. Жоғары орташа балл дарынды балаларға арналған «Жас Дарын» мектебінің бітірушілерінде – 108,52, қалалар арасында – Ақсу қаласында (84,94), аудандар арасында – Май ауданында (82,93). 503 бітіруші 100 балдан жоғары жинады. Үздік нәтиже дарынды қыз балаларға арналған қазақ-түрік лицейінің бітірушісі Жансая Раимовада – 124 балл. «Алтын белгі» аттестатын алуға 124 үміткерден облыс мектептерінен 60 бітіруші (48,4%) және Назарбаев Зияткерлік мектебінен 9 бітіруші растады.

2015 жылғы ҰБТ қорытындылары бойынша Павлодар облысы республиканың өзге облыстары арасында кешенді рейтингте бірінші орында.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы санынан 45,8% инклюзивті білім берумен қамтылған.

2012 жылдан жетім балаларға арналған білім беру ұйымдарының желісі 5-ке азайды, жалпы, контингент 876 адамнан 613 адамға азайды. Тәрбиеленушілерге есеп беру кезеңі ішінде 241 пәтер бөлінді.

Оқушылар санынан жазғы демалыс және сауықтырумен қамту 98,8% құрады, қосымша біліммен - 32,5% (ҚР – 24%).

Ағымдағы жылы білім беру нысандарының күрделі шығындарына 1156,4 млн. теңге бөлінді. Бұл мектептер қатарында асханалардың, оқушы жиһаздары мен компьютерлік техниканың технологиялық жабдықтарын жаңартуға, 70 мекемені жөндеуден өткізуге мүмкіндік берді.

Техникалық және кәсіптік білім беру

ТЖКБ ұйымдары оқушыларының контингентін 23,0 мың адам санында өткен жылғы деңгейде сақтау жоспарлануда. 2015-2016 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс 3875 орын санында анықталды, оның ішінде «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» жобасы шеңберінде - 175.

Облыста колледждер жанында 18 жатақхана бар, **жатақханада тұруды қажет ететін адамдардың санынан 100% құрайды.**

Ағымдағы жылғы бітірушілердің жұмыспен қамтылу көрсеткіші – 99%, жұмыспен қамтылу – 72,2%. Колледждер бітірушілерін жұмысқа орналастыру тәжірибесі жақсы орын алуда. Мысалы, химия-механикалық колледж бітірушілері екі жыл Павлодар мұнай-химия зауытында тәжірибеде – екі жыл еңбек кітапшасында тиісті тіркеумен рәсімделетін еңбек өтілі болып есептеледі.

Облыстың 44 оқу орнында дуалды оқыту 76 мамандық бойынша ұйымдастырылған. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 21

ақпандағы № 58 бұйрығына сәйкес дуалды оқыту нысанын енгізу жөніндегі «эксперименталды алаң» статусы облыстың 11 колледжіне берілді.

2014-2015 оқу жылында кәсіпорындар мен оқу орындары арасында одан әрі ынтымақтастық туралы барлығы 2503 келісім-шарт пен келісім жасалды, оның ішінде дуалды оқыту нысаны бойынша – 704.

Соңғы үш жыл ішінде облыс кәсіпорындары шығындарды толық қайтару арқылы қосымша 541 мақсатты грант ұсынып, атаулы шәкіртақы алу үшін 418 студентті анықтады.

«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС – «Серіктестік көшбасшысы - 2014» сыйақысының иегері.

Облыста металлургия, химия, ауыл шаруашылығы және IT технологиясы саласы үшін кадрларды даярлау бойынша **4 аймақтық орталық құрылды.**

Ақсу қара металлургия колледжінің оқушысы Сергей Милантьев WorldSkills Kazakhstan ұлттық чемпионатының жеңімпазы атанды.

Әлемдік тәжірибені зерделеу және пайдалану мақсатында облыста Рогаланд (Рогаланд, Норвегия) округының кәсіби даярлау орталығымен, «DEULA» ауыл шаруашылығының неміс академиясымен (Нинбург, Германия) және т.б. жобалар іске асырылуда.

Соңғы 5 жылда ТжКБ жүйесін қаржыландыру көлемі, оның ішінде бір білім алушыға 1,5 есеге артты. 2010 жылдан жұмыс берушілер тарапынан 557,0 млн. теңге тартылды, Бүкіләлемдік банк гранты есебінен – 334,2 млн. теңге. **Жалпы, даму бюджеті 1723,3 млн. теңгені құрады.**